

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2016 жылғы 16 наурыздағы № 52/9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 сәуірде N 3726 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 80/14 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 15.12.2020 № 80/14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымшаға сәйкес қосымша реттесін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мамлют ауданы мәслихаты  
сессиясының төрағасы-  
мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушы*

*"КЕЛІСІЛДІ"  
Мамлютқа қаласының әкімі  
2016 жыл 16 наурыз*

*C. Шәріпов*

*C. Бәкеев*

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2016 жылғы 16 наурыздағы № 52/9 шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу**

1. Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу (бұдан әрі – Қосымша реттеу) "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Занына сәйкес, жергілікті жердегі жағдайларды және Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы аумағындағы Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын ескеріп өзірленді.

2. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

3. Митингілер мен жиналыстар өткізу орыны болып осы Қосымша реттеудің 1-қосымшасына сәйкес орындар анықталып жүрді.

4. Шерулер мен демонстрациялар өткізу орыны болып осы Қосымша реттеудің 2-қосымшасына сәйкес маршруттар анықталып жүрді.

5. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (үйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сактайтын.

6. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді немесе демонстрацияларды өткізу орындарында шараларды үйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;  
2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне келтірүіне;

3) ауданның жергілікті атқарушы органдымен келісусіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыштар тұрғызыуына;

4) шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;  
6) өзімен бірге сұық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және занды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізуудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылышын құш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, зандары мен өзге де нормативтік актілердің басқа жағдайларын бұзу болса немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

8) алкоголь ішімдіктерін ішуге, есірткі заттарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, прекурсорларды қолдануға;

9) қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын транспаранттар, ұрандар, басқа да материалдар (визуалды, аудио/видео) пайдалануға, сондай-ақ көпшілік алдындағы сөздерге ж о л берілмейді.

#### 7. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізілетін объектінің маңында тұруға, отыруға;

2) көрнекі насиҳат құралдарын пайдалануға;

3) пикет тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, слогандар айғайлауға рұқсат беріледі.

8. Пикетті митинг, жиналыс, шеру немесе демонстрацияның басқа нысанына өзгерту, өзге түрде жалғастыру үшін белгіленген тәртіpte Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің рұқсатын алу қажет.

9. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігінен жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті, демонстрацияны өткізуге бас тартылған немесе оған тыйым салу шешімі шығарылған жағдайда уәкілдер (ұйымдастырушылар) барлық дайындық іс-шараларын тоқтату бойынша және бұл туралы ықтимал қатысушыларды тиісті хабардар ету бойынша шара қолдануы қажет.

10. Бұқаралық шараларды темір жол, су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді

11. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі б о й ы н ш а :

1) өтініш берілмеген болса;

2) тыйым салу туралы шешім шығарылса;

3) оларды өткізудің тәртібі бұзылған жағдайда;

4) азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе;

5) қоғамдық тәртіп бұзылған жағдайда тоқтатылады.


12. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі өкілінің занды талаптарын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша жиналыстар, митингілер,

шерулер, пикеттер және демонстрациялар  
өткізу тәртібін косымша реттеуге 1-  
косымша


## Митингілер және жиналыстарды өткізу орындары

1. Мамлютка қаласы, Победа көшесіндегі "Достық" саябағы



Победа көшесі

2. Мамлютка қаласы, Калинин көшесі, "ПромСтройМебель" ЖШС-нің алаңының қарсында



Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша жиналыштар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеуге 2-косымша

## Шерулер және демонстрацияларды өткізу маршруттары

1-маршрут: "Мамлют ұн үгу комбинаты" ЖШС-нен Скачкова, Победа, З. Космодемьянская, Гуденко көшелерімен Халық банкіне дейін.



2-маршрут: А. Құнанбаев көшесіндегі мейрамханасынан, З. Космодемьянская, Победа, Ленина көшелерімен Мамлют мәдени орталығының ғимаратына дейін



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК